

Ұлытау облысы білім басқармасының
Жезқазған қаласы білім бөлімінің
«Талап ауылының №14 жалпы
білім беретін мектебі»
коммуналдық
мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение
«Общеобразовательная школа
№14 села Талап» отдела образования города
Жезказгана управления образования
области Ұлытау

БҰЙРЫҚ

02.09.2024 ж.

ПРИКАЗ

№ 93

**Мектеп оқушылары
ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық маслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсанындағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарына білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебінде тамақтануды ұйымдастыру үшін ұсынылған перспективті екі апталық ас мәзірі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 2 қыркүйегінен бастап жергілікті бюджет қаражат есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 1-10 сынып білім алушылары ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы жұмыс ұйымдастырылсын.
2. Оқушылардың күнделікті тамақтану жағдайын қадағалау мектеп медбикесіне (келісім бойынша) және бракераждық комиссияға жүктелсін.
3. Бракераждық комиссияның құрамына бір мүше ата – аналар тарапынан енгізілсін.

4. Бракераждық комиссия айына екі рет мектеп асханасында оқушылардың тамақтану жағдайын тексерсін және тексеру нәтижесі бойынша акт толтырылсын.
5. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тиісті құжаттары жинақталып, тамақтану уақыты бекітілсін.
6. Ас блогы паспорты дайындалсын және бекітілсін.
7. Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру туралы құжаттар заңнамаға сәйкес жүргізілсін.
8. Мектеп оқушылары қайнатылған немесе тазартылған сумен қамтамасыз етілсін.
9. Білім бөліміне айлық есептердің уақытында өткізілуі қамтамасыз етілсін.
10. Әлеуметтік қорғалмаған отбасыларының 1 – 10 сынып оқушыларына арналған МСЭББ – мен келісілген, білім бөлімі басшысымен бекітілген ас мәзірін ұстансын.
- 11.1 – 10 сынып оқушыларына арналған ыстық тағамдар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес ұйымдастырылсын.
12. Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі және жүйелі ұйымдастырылуы назарға алынсын.
13. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасынан шыққан білім алушылардың анықталған тізімі бекітілсін.
14. Осы бұйрық негізінде қосымша бұйрықтар шығарылып, жекелей әлеуметтік педагогтың құжаттарына тіркелсін.
15. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақты ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептің тамақтандыру» айдарында орналастырылсын.
16. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Г.К. Шанкулова және А.Б.Айтуароваға жүктелсін.

Мектеп директоры м.а.



С.У.Мунтенова